

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ
СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ
УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

THE FINANCIAL SYSTEM IN
THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC
DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

АСТАНА
ASTANA
2024

*Посвящается юбилею - 80-летию
Искаковой Загиры Дуйсембаевны*



***ИСКАКОВА ЗАГИРА ДУЙСЕМБАЕВНА
ISKAKOVA ZAGIRA DUYSEMBAYEVNA***

***ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
ДОКТОР ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР
DOCTOR OF ECONOMIC SCIENCES, PROFESSOR***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международной научно-практической конференции

**«ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИ-
ВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**

COLLECTION OF REPORTS

of the International scientific and practical conference

**«THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN»**

АСТАНА, 2024

ASTANA, 2024

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)
Қ 18

Редакциялық алқа:

Мақыш С.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

Жағыпарова А.О. - Экономика факультетінің деканы

Ажмухамедова А.А. - Экономика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

Мажитов Д.М. - «Қаржы» кафедрасының профессоры

Бұлақбай Ж.М. - «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

Майдырова А.Б. - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

Сембиева Л.М. - «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі

Аманова Г.Д. - «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі

Мухияева Д.М. - «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

Искаков Б.М. - «Тұран-Астана» университетінің «Іскерлік басқару» кафедрасының профессоры

Қ 18 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы= Международная научно-практическая конференция «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»= International scientific and practical conference «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» – Астана: ИП «Булатов А.Ж.» – 572 б.(с.) - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-934-0

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер жүргізген өзекті және проблемалық мәселелерді қамтитын авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, на тему «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» presents the results of original research on topical and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master degree students and undergraduates. The publication is intended for undergraduates, master and doctoral students, as well as for a wide range of readers studying current problems of modern science.

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)

ISBN 978-601-337-934-0

© Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, 2024
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2024
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

Жумадилова Х.Б., Жахметова А.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті., Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: ainura_zhahmetova@mail.ru

Аңдатпа. Зерттеу тақырыбы «Қазақстан Республикасының қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы қаржы секторының тұрақтылығы» болып табылады. Қазіргі таңда маңыздылығы жоғары тақырыптардың бірі ретінде саналады. Мақалада еліміздің қазіргі қаржылық жағдайы баяндалып қана қоймай, оған төнетін қауіптер, сондай-ақ елдің қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі жариялаған елдің қаржы секторын дамытудың басым бағыттары туралы да сөз қозғалады.

Аннотация Тема исследования: «Стабильность финансового сектора в целях обеспечения финансовой безопасности Республики Казахстан». В настоящее время это считается одной из важнейших тем. В статье описано не только современное финансовое положение страны, но и угрозы для него, а также приоритетные направления развития финансового сектора страны, объявленные Правительством Республики Казахстан в целях обеспечения финансовой стабильности страны.

Annotation The topic of the study is "Stability of the financial sector for the purpose of ensuring financial security of the Republic of Kazakhstan". Currently, it is considered one of the most important topics. The article describes not only the current financial situation of the country, but also the threats to it, as well as the priority directions for the development of the country's financial sector announced by the Government of the Republic of Kazakhstan in order to ensure the country's financial security.


Кілт сөздер: қаржылық қауіпсіздік, инфляция, валюта бағамы, сыртқы қарыздар, экономикалық даму, қаржылық тұрақтылық, қаржы секторын дамыту

Ключевые слова: финансовая безопасность, инфляция, валютный курс, внешний долг, экономическое развитие, финансовая стабильность, развитие финансового сектора

Key words: financial security, inflation, exchange rate, external debt, economic development, financial stability, financial sector development

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (2018 жылғы 28 желтоқсандағы өзгертулер мен толықтырулармен) мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін негізгі қатерлердің бірі – тұрақтылықтың төмендеуі болып табылатыны атап көрсетілген, яғни оның қаржылық жүйесі және қаржылық қауіпсіздігіне қауіп төнуі.

Қаржылық қауіпсіздік елдің экономикалық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі болып табылады және мемлекет оның тұтастығын, тәуелсіздігін және тұрақты дамуын қамтамасыз ете алатын нақты және ықтимал қауіптерден қаржы жүйесінің қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз етеді.



1-сурет. Мемлекеттік қаржылық қауіпсіздіктің негізгі сегменттері

Бүгінгі таңда Қазақстанның қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясаты келесі басым бағыттарды қамтиды:

- елдің бюджет жүйесінің ұзақ мерзімді тепе-теңдігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету;

- елдің банк жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету;
- оң төлем балансын қамтамасыз ету;
- ақша жүйесінің тұрақтылығы, ұлттық валюта бағамы;
- елдің сыртқы мемлекеттік қарызын қысқарту;
- қаржы нарығы қызметінің тұрақтылығы.

Қаржылық қауіпсіздік көрсеткіштерінің жүйесі болашақ тәуекелдер мен қауіптердің деңгейін анықтауға және олардың таралу аймақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты қаржы секторындағы қауіп-қатер деңгейін төмендетуге, сондай-ақ оның тұрақтылығын және тиімділігін арттыруға бағытталған белсенді шаралар кешенін әзірлеу және енгізу мүмкін болады.

Қазақстан Республикасының қаржылық қауіпсіздігінің кейбір негізгі көрсеткіштерінің динамикасын қарастырайық.

Қазақстанның ағымдағы бюджеттік саясаты 2018 жылғы 30 қарашадағы «2019–2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының негізінде жүзеге асырылады, оны дамытудың негізгі басым бағыттары «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында» көрсетілген мыналарды қамтиды:

- 2025 жылға қарай бюджет тапшылығын ЖІӨ-нің 2%-дан аспайтын мөлшерін азайту;
- мемлекеттік бюджеттің шикізаттық емес тапшылығын 2020 жылы ЖІӨ-нің 7%-ға, 2025 жылы – 6%-ға дейін төмендету;
- ашықтық, тиімділік және үнемділікке негізделген нәтижеге бағытталған бюджет саясатына толық көшу;
- бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігін төмендету;
- салық салу базасын кеңейту, өңірлердің қаржылық дербестігін кеңейту есебінен бюджет кірістерін нығайту.
- мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттары бойынша жеке инвестицияларды тарту және күрделі шығыстардың сервистік үлгісін енгізу арқылы бюджет шығыстарын оңтайландыру.


1- кесте. Қазақстанның 2020-2022 жылдардағы бюджет жүйесі.

Атауы	Деректер		
	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Кіріс	11906910617	12405717446	15 664 981 259
Шығыс	13940996141	14911075741	18 062 677 021
Бюджет тапшылығы (дефицит)	-2 034 085 524	-2 505 358 295	-2 397 695 762

Қазақстан Республикасында бюджеттер мына деңгейлер бойынша бекітіледі:

- республикалық бюджет;
- облыстық бюджет;
- республикалық маңызы бар қаланың және Астананың бюджеті;
- ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті.


Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі 2020–2022 жылдар кезеңінде тапшылықты бастан өткерді. Әсіресе 2021 жылы бюджет тапшылығы айқын байқалған. 2022 жылы бұл көрсеткіш алдыңғы жылдан қарағанда азайғанын көреміз (1-кесте).



2-сурет. Қазақстан Республикасының 2020-2022 жылдардағы инфляция деңгейі

Еліміздегі ең айтулы және күрделі мәселелердің бірі - инфляция деңгейі болып табылады. Инфляцияның өсуі пайда нормасы мен бағаны жоғарылатып, конъюнктураны тудырады. Бұл процестің күрделенуі ұдайы өндіріске кедергі келтіреді, сондай-ақ елдің әлеуметтік және экономикалық жағдайын күрт төмендетеді. Инфляция халық шаруашылығына зиян келтіріп, экономиканың дамуын тежейді, сонымен қатар тұтынушылардың сұранысын азайтып, ішкі нарықтағы тауар айналымын бұзады. Одан бөлек халықтың жинаған ақшалары құнсызданады, банктер мен несие беретін мекемелер зиянға ұшырайды, халықаралық валюта мен несие қатынасы күрделене түседі.

2020-2022 жылдары инфляция деңгейі айтарлықтай жоғарылаған. Бағаның өсуі тауарлар мен қызметтердің, азық-түлік және азық-түлік емес тауарлардың, ақылы қызметтердің бағасын айтарлықтай жоғарылатқан. Жоғарыда айтып өткеніміздей халықтың тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына кері әсер етеді, еліміздің қаржылық жағдайына едәуір зиянын тигізеді(2-сурет).



3-сурет. Қазақстан Республикасының 2020-2022 жылдардағы валюта бағамы

Валюта бағамы - бұл басқа елдердің ақша бірліктерінде көрінетін елдің ақша бірлігінің бағасы. Оның деңгейі сыртқы саудаға, ұлттық өнімнің әлемдік нарықтағы бәсекелестігіне, капитал қозғалысына, ақша айналымына және елдің экономикасының барлық саласына әсер етеді. Валютаның бағамының төмендеуі тауарларды экспорттауға жағдай тудырады.

2020-2022 жылдардағы статистикаға сәйкес, АҚШ доллары мен рубль жылдан-жылға өсіп бара жатыр. Ал еуроның көрсеткіші 2021 жылы түсіп, 2022 жылы қайта өскен. Бұл жағдайды қолға алып өзгертпесек, өзіміздің емес шетелдіктердің экономикасының дамуына үлес қосқан боламыз(3-сурет).

2- кесте. Қазақстан Республикасының 2020-2021 жылдардағы сыртқы қарыздары.

Атауы	2020 жыл, млрд доллар	2021 жыл, млрд доллар	Көрсеткіш,%
Нидерланды	44,1	44,3	+0,4
Ұлыбритания	20	22,6	+13
АҚШ	12,9	13,5	+4,6
Франция	11,6	11,9	+2,6
Бермуд аралдары	7,7	10,1	+31,1
Халықаралық ұйымдар	9,8	11,5	+17,3
Гонконг	3,7	4	+8,1
Қытай	9,79	9,75	-0,4
Жапония	5,7	5,6	-1,7
Ресей	8,7	9,2	+5,7

Қазақстанның сыртқы қарыздарына да тоқталып кеткен жөн. Бұл деректер болашағымыздың айнасы десек қателеспейміз. Себебі сыртқы қарыздардың көбеюі экономиканың дамуын тежейді.

Қазақстанның 2020-2021 жылдардағы сыртқы қарыздарының басым бөлігі Нидерландыға тиесілі. Ал қарыздың өсу көрсеткіші бойынша Бермуд аралдары көш бастап тұр. Қарыздарымыздың деңгейі біршама көтерілген. Алайда Қытай мен Жапония елдерінде берешектеріміз азайғанын көруге болады(2-кесте).

Осылайша, Қазақстанның қаржылық қауіпсіздігінің негізгі сегменттерін, оның критерийлері мен көрсеткіштерін зерттей келе, елдің қаржы жүйесі айтарлықтай тұрақты, бірақ оның қауіпсіздігіне нақты қауіптер бар деп қорытынды жасауға болады, олар:

- елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығының төмендеуіне әкелуі мүмкін ұзақ мерзімді бюджет тапшылығы;
- халықтың девальвациялық күтулерін арттыратын және тұтыну бағасы деңгейінің өсуіне әсер ететін теңге бағамының жоғары құбылмалылығы;
- жалпы сыртқы қарыздың жоғары деңгейі елдің басқа мемлекеттерге қаржылық тәуелділігін арттырады.

Елдің қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында» жарияланған елдің қаржы секторын дамытудың басым бағыттарын әзірледі:

- салық және кеден жүйелерін интеграциялау;
- салықтық әкімшілендіруді жетілдіру;
- өңірлердің қаржылық тәуелсіздігін кеңейту;
- салалық салық преференцияларын енгізу арқылы қол жеткізілген бюджет кірістерін нығайту;
- бюджет қаражатын тиімді басқару;
- салық базасын кеңейту және мемлекеттік шығыстарға жүктемені азайту арқылы бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігін төмендету және мемлекеттік қаржының тұрақтылығын арттыру;
- экономикаға сыртқы күйзелістердің әсерін бейтараптайтын теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамы режимінде бағаның тұрақты деңгейін, инфляциялық таргеттеуге толық көшуді қамтамасыз ету;
- ішкі жинақ, несиелік және инвестициялық белсенділіктің өсуіне оң әсер ететін, сол арқылы қаржы жүйесінің тұрақтылығына және экономиканың тұрақты өсуіне ықпал ететін инфляцияның төмен деңгейін қамтамасыз ету;
- Қазақстан қор биржасы арқылы бюджеттен тыс қорлардың қаражатын тарту арқылы экономикаға инвестицияны кеңейту, шағын және орта бизнес субъектілері үшін акцияларды баптапқы орналастыру (IPO) рәсімін жеңілдету, листингілік компания үшін қарапайым әкімшілік рәсімдерді құру.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Қазақстанның қаржылық қауіпсіздігін

қамтамасыз ету оның макроэкономикалық тұрақтылығының негізі болып табылатынын атап өтуге болады. Атап өтілген мәселелер шеңберінде еліміз қазіргі таңда біршама жұмыстар атқаруда. Сөз соңын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сөзімен аяқтағым келіп отыр: «Негізгі басымдықтар мен қабылданған шешімдер өз дәрежесінде іске асса, экономикалық өсімнің қарқыны мен сапасын арттыруға, сонымен қатар, халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді».

Пайдаланылған әдебиеттер

1. 2020 – 2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы. [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000643>
2. 2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы. [Электрондық ресурс] URL: <https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/9d9/9d9c375a72b04cc95359fbc33da2dfc4.pdf>
3. 2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы. [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000077>
4. Қазақстан Республикасындағы инфляция туралы (2022ж.қараша). [Электрондық ресурс] URL: <https://stat.gov.kz/industries/economy/prices/publications/5901/>
5. Валюталардың күн сайынғы ресми (нарықтық) бағамдары. [Электрондық ресурс] URL: <https://www.nationalbank.kz/kz/exchangerates/ezhednevnye-oficialnye-rynochnye-kursy-valyut>
6. Қазақстанның қай елдерге қарызы көп? Инфографика. [Электрондық ресурс] URL: <https://ism.kz/azastanny--aj-elderger--aryzy-k-p-infografika>

УДК 338.012

ВНУТРЕННИЙ КОНТРОЛЬ НА ПРЕДПРИЯТИИ

Искакова Айгуль Болатбековна

Магистр экономических наук

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

г. Астана, Казахстан

E-mail: aika_shagira@mail.ru

Аннотация. Бақылау кез келген басқару іс-әрекетіне тән. Ал мемлекеттің қаржылық қызметі белгілі бір дәрежеде қаржылық менеджмент саласына жататындықтан, қаржылық бақылау сияқты бақылаудың ерекше түрін ажыратады. Басқаша айтқанда, қаржылық бақылау жалпы бақылаудың құрамдас бөлігі бола отырып, белгілі бір ерекшеліктерге ие.

Ішкі бақылау – бұл бақылау жағдайында жүзеге асырылатын құрамдас бөлік немесе арнайы сала. Қаржылық бақылаудың болуы объективті түрде қаржының экономикалық категория ретінде тек бөлу ғана емес, сонымен қатар бақылау функцияларына ие болуына байланысты. Сондықтан мемлекеттің өз мәселелерін шешу үшін қаржыны пайдалануы міндетті түрде олардың көмегімен осы міндеттердің орындалуын бақылауды көздейді.

Кілт сөздер: ішкі бақылау, ішкі бақылау жүйесі, активтердің сақталуын қамтамасыз ету, сенімді ақпаратпен бизнес, сыртқы қаржылық бақылау, ішкі қаржылық бақылау, тәуекелді бағалау және ішкі бақылау, бақылау ортасы

Аннотация. Контроль присущ любой управленческой деятельности. И поскольку финансовая деятельность государства, в известной степени, относится к сфере управления финансами, то выделяют такой специфический вид контроля как финансовый контроль. Иными словами, финансовый контроль, являясь составной частью контроля вообще, обладает определенной спецификой.

Внутренний контроль – составная часть, или специальная отрасль, осуществляемого в государстве контроля. Наличие финансового контроля объективно обусловлено тем, что финансам как экономической категории присущи не только распределительная, но и контрольная функции. Поэтому использование государством финансов для решения своих задач обязательно предполагает проведение с их помощью контроля за ходом выполнения этих задач.

Ключевые слова: внутренний контроль, система внутреннего контроля, обеспечение сохранности активов, бизнеса надёжной информацией, внешний финансовый контроль, внутренний финансовый контроль, оценка риска и внутренний контроль, контрольная среда